

Аршалы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 01 ақпандағы № А-45 "2012 жылғы Аршалы ауданындағы халықтың мақсатты топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 18 маусымдағы № А-243 қаулысы. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 шілдеде № 1-4-211 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына сәйкес, мақсатты топтар құрамына кіретін және әлеуметтік қорғауға неғұрлым мұқтаж тұлғалардың жұмыспен қамтылуына бірлесе жәрдем көрсету мақсатында, Аршалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Аршалы ауданы әкімдігінің «2012 жылғы Аршалы ауданындағы халықтың мақсатты топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы» 2012 жылғы 01 ақпандағы № А-45 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 1-4-201 тіркелген, 2012 жылғы 03 сәуірдегі «Вперед» аудандық газетінде және 2012 жылғы 30 наурыздағы «Аршалы айнасы» аудандық газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1) тұлғалар, ұзақ уақыт жұмыс істемеген (үш ай және одан артық);».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Аршалы ауданы әкімінің орынбасары **Б. Т. Ақшинеев** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі

Мұханбеджанов Т.